

де, мыналарды суға таста! – деп қолыма жиырма тиындықтың үш-төртеуін ұстатты. Көп ойланып-толғанып жатпастан:

– Бәріміз аман болайық! – дедім де, тиындарды суға шолп еткізіп тастай салдым.

– Қой, уақыт та біраз болып қалған шығар. Шығайық! Жүр!

Атам бастап, мен артынан ілесе жоғары қарай көтеріліп келеміз. Қайта-қайта шыдамсыздана шығар ауыз жаққа қарап қоямын. Түк көрінбейді. Қап-қараңғы қапаста қамалып қалғандаймыз. Қолымыздағы алауымыздың да жарығы көмескілене түскендей.

– Ата, адасып кетпейміз бе? – дедім қауіптеніп.

– Жоқ, балам. Өне, көрмейсің бе, жылтылдап жарық көрініп тұр ғой!

Сыртқа шықтық. Күннің қызуы әлі қайта қоймапты, ми айналып жерге түсердей шығып тұр. Төңірек тыншу, лүп еткен жел жоқ. Қоңыр биеге мінгесе мініп шалғынға қарай тарттық.

көтеріп алдым. Арба мал қораны жанап кеп тоқтаған екен.

– Неге соншама шошындың? – Атам аңтарыла қарады.

– Түс көріп жатыр екенмін!


– Қандай түс? – Бізді күтіп жүрсе керек, қалбақтап әжем де жетіп келді.

– Шашы да, сақалы да, жүзі де, киімі де аппақ бір шал басымнан сипап, бірдеңе айтып жатыр екен!..

– Астапыралла!.. Астапыралла!.. – Әжемнің көзі шарасынан шыға бадырайып кетті. – Әй, өзің, баланы ауыртып әкелгеннен сауымысың!

– Қойшы-ей, қайдағыны айтпай, аталары ғой баталарын беріп жатқан. Жолы ақ, болашағы зор болады екен! Өзі де ақжолтай бала ғой!

Әжем атамның сөзіне құлақ асқан жоқ, «біссімилләсін» қайталап, мені құшағына қысқан күйі үйге қарай дедектетіп сүйрелей жөнелді.



\*\*\*

Міне, менің туған жердің тарихына деген қызығушылығым осылай оянып еді..

Қазір атам да, әжем де бақилық болған. Әкем де сол кісілердің артынан келмеске кеткен. Шешем қолымда. Күйлі-куатты.

Уақыт тоқтаусыз, сынаптай сырғып өтіп жатыр. Жылдармен бірге жылыстап, ақырын аяндап қырыққа да келдік. Шашымызға ақ кірді. Кеше ғана шыбық мінген саби едік, бүгін, міне, өзіміз де бала сүйіп, әке атандық.

Өткен жазда ата-әжелеріне құтты қоныс болған туған жерді көрсетіп-қайту үшін бала-шағамды ертіп Алматыдан арнайы ат терлетіп ауылға бардым.

Ауылдың қызығы тарқаған сияқты. Ажарынан айырылып, кетеуі кетіп қалыпты. Қайда барсаң да жүдеу-жадау тірлікке тап боласың. Шаңырақтары опырылып ортасына түсіп, үйіндіге айналған үйлердің орнын көргенде жаның жабырқап, қабағыңа мұң ұялайды.

Біз туған үйді де бұзып тастапты. Балғын балалық шағмыз осында өтіп еді. Ішім удай ашып, жүрегім сыздай ауырды.

Қоңырәулиеде де жолымыз түсті. Бір ғажабы – өзім бала кезде көрген кішкене ақ жыланды тағы көрдім. Үңгірдің сырты құл-қоқысқа толып, іші әбден бүлінген. Төбеден тастар құлаған сияқты, аяқ алып жүргісіз. Шаңырақтың суреті мен уық тәріздес сызықшалар да өше бастаған. Қыздың мүсіні үшті-күйлі жоқ. Орны үңірейіп, алқа-салқасы шығып жатыр. Базбіреулер қыздың мүсіні жатқан жерді жарылғыш заттармен қопарып, алтын іздеген көрінеді. Ел аузындағы аңыздардың бірінде осы жерге бір бай алтын тығып кетіпті деп айтылушы еді..

Үңгірдегі өзеннің де суы суала бастаған. Бергі жағын тастар басып тастапты. Арғы жағы болар-болмас жылтырайды. Салым суға кеткендей, ұнжырғам түсіп, көңілім құлазып-ақ қалды. Сыртқа шыққаннан кейін де өзіме-өзім келе алмай әрі-сәрі күй кештім. «Даңқты ата-бабаларымның көзіндегі көріп, тұмарындай сақтауға тиісті киелі орынның қадір-қасиетіне жете алмай қор қылыпты-ау, бүгінгі ұрпақ! Бұдан асқан жетесіздік бола ма?! Не деген сұмдық?! Не деген масқара?!» – деп, қараптан-қарап күйіп-пісемін.

Маңайы сан түрлі гүлдерге толып, жазғытұрым жайқалып тұратын қалың тоғай да таздың шашындай селдіреп, көріксіз күйге түскен. Тізеден келіп құлпырып жататын шөптің де жұқаланып жұрнағы ғана қалған. Дәл осы кезде көк шалғынға айналар айналының бәрі сарғыш тартып, мезгілі жетпей құрай бастаған. Тау екеш таудың да бауыры жалаңаштанып, қотыр түйеге ұқсап қалған. «Осының бәрі қырық жыл уытты уын шашқан атом бомбасының кесір-кесапаты ғой! – деймін күйіне. – Қайран, туған жер, өскен өлке!.. Арқа-жарқан шығып жатушы едің, адам танымастай азып-тозып кетіпсің ғой!..»

Туған жерге жаз күнінде жайрандап барғанымыз қайтейін, сары күздей сарғайып, құлазып қайтты.

Түсімде ақ шашты, ақ сақалды қария тағы да аян берді..

# ЖЫЛАН

– Өне, ананы көріп тұрсың ба?! – деді атам өзеннен өте бергенде тау жақтағы тас қорымдарға қарап. – Бұлар сол бір жаугершілік кезеңдерден қалған белгілер ғой! Абылай хан бастатқан жаужүрек батырлар елімізге шапқыншылық жасаған қараниет қалмақтарды осы жерде күтіп алып, қынадай қырып салған көрінеді. Жеті тәулікке ұласқан қанды шайқас болған деседі осы жерде. Қалмақтар Қоңырәулиенің маңайынан бекініс жасап, алғашында қазақтарды ауыр шығынға ұшыратса керек. Кейіннен мал-мүліктерімен үңгірдің ішіне тығылыпты. Осы бір сұрапыл шайқаста Қаракерей Қабанбай қалмақтың атақты батырын жекпе-жекте өлтіріп, жеңіске жол салыпты. Сол үшін «Дарабоз» атанып, хан ұранына айналған екен. Бала кезімізде сондай әңгімелерді жиі естуші едік. Қазір соның бірі де айтылмай барады ғой! Бұл өзі тарихи жер. «Қоңырәулиені» көру үшін әйгілі адамдардың көбі келген. Абайдың табаны тиген, Мұхтар мен Сәбит суын ішкен. Бағанағы жартастардың бірінде «Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов» деген жазулар бар. Тағы бір келгенде көрсетермін. Өз қолдарымен ойып жазған деседі білетін жұрт. Ойбай, ұмытып барамын, бүгін сенің әкеңнің туған күні ғой. Ертерек бармасақ болмас! Өлі есімде, дәл осындай күн ыстық болып еді.. Әй, зымыраған уақыт-ай! Содан бері де аттай қырық жыл өте шығыпты. Ол кезде менің орда бұзар кезім еді. Көргеніме қаусаған шал болдық. Расында да, бұл дүние көрген түстей бір демде-ақ өтеді де шығады екен ғой! – Жел қағып, күн қақтаған әжімді жүзін мұң торлады. – Қой, жаным, біраз тыныстап алып, жиналайық! Ана бір алдыңкүнгі шабылған шөптер ғой! Қарашы, құрғаған шығар!

Тоғайдың көлеңкесін саялап, аз-маз тынығып алдық та, күннің қызуы қайта бастаған кезде кепкен шөптерді арбаға тиеп алып, ауылға апарар бұралаң жолға түстік.

Атам ара-тұра «шу, жануар... шу...» деп божыны қағып-қағып қояды. Қоңыр бие қамшы салдырар емес. Бір арба шөпті қиналмастан-ақ емін-еркін тартып келеді. Қасқа құлын да қалысар емес, біресе арт жақта қалып қояды да, біресе ойнақтап алдыға шығады.

Шөп үстінде шалқалай жатырмын. Ойымда Қоңырәулие үңгірі. Тас мүсінге айналған қыз көңілінен кетер емес. Қайта тірілгендей сұлу бейнесі көз алдыма елес береді.

– Сен кімсің? – дейтін сияқты сылаң қағып.

– Мен... мен... батыр баламын! – деймін қоқиланып. – Өзің кімсің?

– Мен байдың қызымын. Сылқ-сылқ етіп, сықылықтап күледі. – Батыр баланы жақсы көремін!

– Мен өскенде Қабанбай атам сияқты үлкен батыр боламын! – дей беріп едім, дауысым қаттырақ шығып кетсе керек, атам артына бұрылып:

– Әй, кімнен сөйлесіп жатырсың? – деді сұраулы кейіппен.

– Жай-әншейін өзім... – деп бүркене бердім.

Атам айтқан қазақтар мен қалмақтардың шайқасын көз алдыма елестетіп жатқам... Бір кезде ішіне бес қаруымды асынып, өзім де қойып кеттім. Қалмақтардың қанын судай шашып, оңды-солды жайпап келемін, жайпап келемін... Жаулар көздері алақ-жұлақ етіп тырқырай қашып барады...

Осылай ойша соғысып жатып көзім ілініп кетіпті. Біреу айғай салғандай болды. Шошына басымды

## ҚАЗҰУ - МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

Қазіргі таңда білім беретін қайнар көздері көптеп кездеседі. Соның ішінде жан-жақты, инновациялы, жаңа технологиялар мен әдістерді қолданатын оқу орнын таңдау бітіруші түлектер мен ата-аналар алдында тұрған басты мақсат болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Терең білім-тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» деген сөздерінен-ақ білімнің елді алға жетелейтін нысан ретінде қарастырып отырғанын байқауға болады. Жоғары оқу орны ғылыми әрекетті жүзеге асыра отырып, жоғарғы кәсіби білім беретін оқу ордасы. Міне, соның ішінде жылдар бойы қалыптасқан тарихы бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болып табылады.

Еліміздегі үздік университеттердің бірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған түлектер тапсырады. Бірақ оған: білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, талпынысы, ізденісі жоғары, бәсекеге қабілетті жастар ғана түсу мүмкіндігіне ие болады. Ол өз кезегінде бітіруші түлектердің жұмыс берушілер, ірі компаниялар арасында сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында университеттер интеграцияға бейім болып келеді. Осыған орай студенттер мен магистрант, докторанттар арасында халықаралық академиялық мобильдік қарастырылған. Ол дегеніміз студенттеріміз тәжірибе алмасу, білім жинақтау мақсатында шетелге барып, білім алуға мүмкіндігі бар. Бұл білім ордасын көптеген студенттердің таңдауының келесі бір факторы: озық ғылыми кітапхананың орналасуы. Жас ізденімпаз барлық қажет ақпаратты орталықтандырылған кітапханадан таба алады. Қажет оқулықтың бар жоғын білу үшін электронды кітапханаға кіріп, тапсырыс берсе болғаны, сол оқулық бөлімшелерге келіп түседі. Келесі артықшылығы кітапханада интернет желісі орнатылған, демек ақпараттар оқулықтар мен шектеліп қоймай, шетелдік журнал-газет басылымдарын қолдануға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

**Зиябек Альфия**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 4-курс студенті

## АДАМНЫҢ БАСШЫСЫ – АҚЫЛ

«Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» демекші, бүгінгі әңгімеміз арманға байланысты болмақ.

Әр адамның өмірде өз жолы бар. Дұрыс не бұрысын таңдау өзінің еншісінде. Бірақ көпке барам дейтін адам дұрыс жолда еңбек етіп, алға қарай жүреді. Жалпы, адамды самғататын ол – еңбек. Бізге кейде бірнәрсені жасау керек болса қиналамыз, барғымыз келмейді, ұйықтап, демалғымыз келеді. Бірақ бұл еріншектікті қою керек. Себебі көшеде кетіп бара жатсаң түрлі адамдарды көресің. Бірінің қолы, бірінің аяғы жоқ. Енді бірі естімейді не болмаса сөйлей алмайды. Сонда да бәрі еңбек етуде. Аяқкімің бұзылса етікшіге барасың. Ал етікшілердің көбі сөйлей алмайтындар. Бірақ бәрі өмірден өз жолдарын іздейді, алдынан бақытты күтеді. Ал біздің, Аллаға шүкір, он екі мүшеміз аман, деніміз сау. Бізде жасаймын десең мүмкіндік мол. Тек алға қарай ұмтылып, еңбек ете беру керек. Сонда ғана жемісін көресің. Бір нәрсе жасап «Мен еңбек еттім, түк шықпады» деу бекершілік. Одан әрі жалғай беру керек. Сонда ғана еңбектің жемісі байқалады. Ол бір емес, бірнәшеден шығуы мүмкін. Тек берілмеу керек.

Кейде теледидардан не болмаса бір кісілерден естіп жатамыз: адамға 1 пайыз дарын берілсе, қалған тоқсан тоғызы еңбекпен келеді. Яғни сен қызығатын жұлдыздар, сен қызығатын жоғарыда отырған кісілер, әкім, ұстаздар бәрі-бәрі осы бір еңбектің арқасында сондай дәрежеге жеткен кісілер. «Мен жетпеймін, өспедім» деп үйде отырғанда, өзге адам жету керек деп жоғарыға ұмтылады. Ұмтылған, талпынған адам түптің-түбі өз арманына жетеді. Бәріне жетпесе де белгілі бір бөлігіне жетеді. Үлкен бір кітапты бастар алдында «мен бұны оқып бітіре алам ба, көп екен, қызығы қай жерінде екен» деп соңын оқыған адам кітаптың мазмұнын түсінбейді, негізгі ұғымын, пайдасын сезінбейді. Ал қандай томдық кітап болмасын, қызығып бірден кірісіп, басынан соңына дейін қызығушылықпен оқыған адам, жаңағы айтқан адаммен бірдей бітіруі мүмкін.

Бұның бәрін неліктен жазып отырмыз, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастары мына таңда бұрынғыдан әлдеқайда көп. Сол себепті оларға біліммен қатар, өнегелі тәрбиені, бойларындағы патриоттық сезімді одан әрі дамыту біздің бір міндетіміз деп білеміз.

**Бақтораз А.Е., Мухамеджанов Е.С.**